

Джамиль Салми (Jamil Salmi)

Джамиль Салми жоғары білім беру саласында кейбір мемлекеттердің Үкіметтеріне, университеттеріне, халықаралық және аймақтық банктер мен агенттіктерге кеңес беретін халықаралық сарапшы болып табылады. 2012 жылдың қаңтарына дейін Әлемдік банкте жоғары білім беру мәселелері бойынша үйлестіруші қызметін атқарды. Джамиль Салми 1994 жылы Әлемдік банктің жоғары білім беру саласындағы алғашқы саяси құжатын жазды, сонымен қатар 2002 жылы сол саладағы Әлемдік банк стратегиясының авторы болды. Стратегияның аты – «Білім қоғамын құру: жоғары білім беруге қойылған жаңа мәселелер». Соңғы 20 жыл ішінде Джамиль Салми жоғары білім беру жүйесін реформалау мен стратегиялық дамыту саласындағы саяси мәселелер бойынша 80-нен аса мемлекеттегі университеттердің басшылығы мен мемлекеттік басқарушыларына кеңес берген.

Джамиль Салми Еуропадағы, Азиядағы және Латын Америкасындағы бірқатар университеттердің халықаралық байқау комитеттерінің мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, ол – Британдық жоғары білім беру қорының Халықаралық байқау желісінің (of the International Advisory Network of the UK Leadership Foundation for Higher Education), ЭЫДҰ жоғары білім беру саласындағы басқару мен саясат туралы журналдың (OECD Journal of Higher Education) баспа Комитетінің мүшесі. 2008 және 2011 жылдар аралығында Джамиль Салми Халықаралық білім беруді жоспарлау институтының жанындағы басқару кеңесінде Әлемдік банктің атынан қызмет етті.

2009 жылы Джамиль Салми «Әлемдік деңгейдегі университеттерді құру» (Challenge of Establishing World- Class Universities) атты кітабын жариялады. Оның профессор Филипп Альтбахпен бірлесе жариялаған соңғы кітабы – «Академиялық кемелге жету жолы. Әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттерінің қалыптасуы» (The Road to Academic Excellence: the Making of World- Class Research Universities) 2011 жылғы қыркүйекте жарияланды.